

## Қазақ және түрік халықтарында жасалатын өлім ритуалдарындағы әйелдің рөлі

Инкар Б. Ахметова\*, Каскырбек К. Калиев

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

**\*Корреспонденция үшін автор:**

<sup>1</sup>Inkarakhmetjanova@gmail.com

<sup>2</sup>kashonti@mail.ru

<sup>1</sup><https://orcid.org/0000-0002-5127-5835>

<sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0001-7610-1367>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-193-204>

**Аңдатпа.** Адамзат өмірінде өлім мәселесі ертеден келе жатқан күрделі әрі түсініксіз мәселе. Өлім түсінігі қаншама халықтың мәдениеті мен әдет-ғұрпына, салт-дәстүрлеріне әсер етті. Қаншама ырымдардың шығуына себепкер болды. Тіпті кейбір діни ритуалдардың шығуында да осы өлім мәселесі жатыр. Бұл мақалада қазақ және түрік мәдени ландшафттарында байқалатын өлім ғұрыптарына салыстырмалы зерттеу жасалған. Бұл екі қоғамда өлімге байланысты қалыптасқан ритуалдар мен ырымдардың ұқсастығы мен айырмашылықтары сипатталатын болады.

Мақалада қазақ және түрік ұлттарының өлім ғұрыптарын қалыптастырған мәдени, тарихи және діни ықпалдар зерттеледі. Ол осы мәдениеттердің өлімге және кейінгі өмірге деген көзқарастарын анықтайтын символдық элементтерді, жерлеу рәсімдерін және еске алу дәстүрлерін зерттейді.

Сонымен қатар, бұл зерттеу осы қоғамдардағы өлім ғұрыптарының эволюциясын зерттеп, модернизация, жаһандану және ауыспалы діни сенімдер сияқты факторлардың осы көне тәжірибелерге қалай әсер еткенін зерттейді. Ол сондай-ақ гендерлік рөлдерді, отбасылық құрылымдарды және осы рәсімдерге қоғамдастықтың қатысуын қарастырады.

Мақалада осы екі мәдениетті салыстыра отырып, қазақ және түрік қауымдастығының қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне бейімделе отырып, өздерінің мәдени болмыстарын сақтап қалуының бірегей жолдарын жарыққа шығаруды мақсат етеді. Осы өлім рәсімдеріндегі дәстүр мен инновацияның өзара әрекеттесуі осы бай мәдени мұралардың тұрақтылығы мен бейімделгіштігін көрсетеді.

Сайып келгенде, бұл мақала өлім ғұрыптары туралы мәдениетаралық түсінікті ғана емес, сонымен қатар қазақ және түрік мәдениетінің әлеуметтік құрылымы мен рухани әл-ауқатын сақтаудағы осы тәжірибелердің мәңгілік маңызына шолу жасайды. Ол жаһанданған әлемде мәдениетті сақтаудың маңыздылығын және өзгермелі уақыт жағдайында да халық пен оның дәстүрлері арасындағы тұрақты байланыстың маңыздылығын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** өлім ритуалдары; діни ритуалдар; қазақ халқы; түрік халқы; жоқтау; әйелдің рөлі; рәсімдер; ырымдар.

Received 10 September 2023. Revised 25 September 2023. Accepted 11 November 2023. Available online 15 December 2023.

*For citation:*

Akhmetova I.B., Kaliev K.K. The role of women in Kazakh and Turkish death rituals // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 145. – №. 4. – P. 193-204. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-193-204>

*Дәйексөз үшін:*

Ахметова И.Б., Калиев К.К. Қазақ және түрік халықтарында жасалатын өлім ритуалдарындағы әйелдің рөлі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. – 2023. – Т. 145. – №. 4. – С. 193-204. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-193-204>

## Кіріспе

Өлімге қатысты әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдер адамзат тарихында қоғамдардың мәдени ерекшеліктерін қалыптастыруда негізгі рөл атқарды. Қазіргі жаһанданған әлемде бұл рәсімдер ұлттардың құндылықтары мен тарихының және дүниетанымының күшті көрінісі ретінде қызмет етуде. Бұл мақала қазақ және түрік қоғамында сақталған өлім ғұрыптары мен салттарындағы әйелдің рөлін салыстырмалы түрде зерттей отырып, осы екі ерекше мәдениетті айқындайтын дәстүрлердің жан жақтылығын ашады.

Өлім ұғымына нақты бір анықтама беру өте қиын. Себебі өлім туралы түсініктер әр қоғамда, әр мәдениетте, әр кезеңде әртүрлі дамыды. Өлім мәселесі бірнеше ғылым саласында да талқыланып қарастырылған болатын. Өлімге қатысты тақырыптар көбіне дін ғалымдары мен философтардың көп қарастырған мәселесі болса да, әдебиет саласында да көп ақын жазушылардың өлеңдері мен романдарына тақырып болған мәселелердің бірі. Тіпті сурет өнері сияқты ғылым саласында да өлім мәселесі көрініс табады. Бұл тақырыптың өзектілігі соншалық, өлім тоқтамай өлім туралы көзқарастар мен талқылаулар да тоқтамайтын бір тақырыптардың бірі іспеттес.

Өлім – бұл глобалды адам тәжірибесі, бірақ оны түсіну және еске алу тәсілі әртүрлі мәдениеттерде айтарлықтай өзгереді. Өлім туралы зерттеулер көп болса да Қазақ және Түрік ұлттарының өлімге қатысты жасалатын ритуалдары туралы зерттеулер әлі де аз. Оның ішінде әйелдердің басшылығымен жасалатын ритуалдарға қатысты салыстырмалы зерттеулердің өте аз болуы да бұл тақырыптың маңыздылығын одан әрі аша түседі. Қазақ және түрік халықтары өздерінің бірегей тарихи, географиялық және діни контексттерімен өлім ғұрыптары саласындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу мәселесі сол себепті де маңызды әрі зерттеуді талап етеді.

Көшпелілер мәдениеті мен ислам дәстүрінің бай тарихына тұнып тұрған Қазақстанның кең байтақ, көшпелі кеңістігінде қазақ халқы қайтыс болғандарды ұлықтап, тірілерге жұбаныш беретін ритуалдар мен әдет-ғұрыптардың жиынтығын қалыптастырды. Бұл тәжірибелер ежелгі шамандық наным-сенімдердің тұрақты әсерін көрсетеді және осы исламға дейінгі дәстүрлер мен исламның өзі арасындағы өзара әрекеттестік қазақтардың өлім ғұрыптарына ерекше күрделілік қабатын қосады.

Керісінше, Еуропа мен Азияны байланыстыратын көпір саналатын Түркияда ғасырлар бойы қалыптасқан тарихтың нәтижесінде қалыптасқан күрделі мәдени ауқымдылық бар. Түрік халқының өлу рәсімдері олардың исламдық мұрасымен тығыз байланысты, елдің әр түрлі аймақтарында ерекше өзгерістерді көрсетеді. Исламдық жерлеу рәсімдерін бұрыннан бар Анадолы дәстүрлерімен біріктіру өлім рәсімдеріне әртүрлі және динамикалық көзқарасты тудырды.

Өлім, адам өміріндегі үш өтпелі кезеңнің бірі, олар *туу*, *үйлену* және *өлім*. Өтпелі кезеңдер әрдайым қиын және қауіпті болғандықтан, оның айналасында діни наным сенімдер, ритуалдар мен салт-дәстүрлер жүреді.

Өлім адам өмірінің бір бөлігі, өлімнен қашып құтылу мүмкін еместігі барлығымызға мәлім. Жер бетіндегі барлық тіршіліктің соңы өлімге келіп тіреледі. Жақын адамын жоғалтқан өзінің қайғысын қайғыру арқылы, қайғысын басқалармен бөлісу және ритуалдар арқылы жеңілдетеді (Робертсон және басқалары, 2018). Түркі халықтары болсын, басқа халықтар болсын, өлімнен кейін басқа әлем бар екендігіне сенген.

Қазақтарда ритуалдарды көбіне әйел кісілер орындайды. Отбасыда бала көтеруден бастап, туылып, белгілі бір жасқа жеткенше орындалатын әдет-ғұрыптарда әйелдің рөлі ерекше. Осы күнге дейін ұстанып келе жатқан ритуалдардың тамыры тереңде жатыр. Уақыт өте келе тілде де, дәстүрде де өзгерістер болатыны анық. Соған қарамастан еш нәрсе түбегейлі өзгеріп кетпейді, әр нәрсенің ізі қалады. Ал ритуалдарға келетін болсақ, бұл дәстүріміздің ажырамас бөлігі, ритуалдар түрік аты алғаш жазылған кезден бастап бар екендігі мәлім. Түрік халықтарына ислам діні келмей тұрып сіңіп кеткен ғұрыптар әлі күнге дейін аз болса да, өз жалғасын табуда.

Түрік қағанаты жайлы жазылған көне Қытай деректеріне сүйенеті болсақ, әр түрлі ритуалдарды орындайтын бақсылардың болғандығын, ол бақсылардың көбіне әйелдер екендігін көреміз. 信巫 Син у деген осы сөзді ғалымдардың көбі бақсыға сенеді деп аударған. 巫 сөзін ғалымдар биші әйел, ритуал орындаушы әйел деп аударған. Көріп отырғанымыздай шамандық дәстүрдегі ритуалдарда әйелдердің орны ерекше болғандығы байқалады.

Византия елшісі Земарх Батыс Түрік Қағанатына келген кезде, оларды отты айналып, қоңырау сыңғырлатып, тимпан (барабан) қағып арнайы бақсылар күтіп алғандығын мәлімдеген. Жергілікті халық келген қонақтармен бірге келген жындардан тазалайды деп сенген (Тишин, 2017: 78). Ритуалдар барлық халықтардың тұрмыс тіршілігінде орын алған. Үлкен арнайы жасалатын ритуалдар, уақыт өте келе күнделікті өмірде де қолданыла беретін болған. Баланы қорғау үшін жастығының астына пышақ қою, үйді жын шайтаннан сақтау үшін ақ шүберек байлап қою, басқа да заттар іліп қою сияқты ритуалдар жасалынған. Көріп тұрғанымыздай, адамдар ритуалды зиянын тигізетін әр түрлі тылсым күштерден қорғану үшін орындаған. Адамдар ритуал орындау үшін әр түрлі тас, металл, ағаш, жануар бөліктері сияқты материалдарды да пайдаланған. Тіпті қорғау үшін арнайы ағаштарды да үй сыртына, немесе үй ішіне отырғызған (Gazin-Schwartz, 2001: 265). Моңғол империясына елші болып барған Пано Карпинидің жазбаларында да келген қонақтарды алдымен оттың арасынан өткізіп, ағашты айналып ритуал жасатқандары мәлім (Дробышев, 2019: 93).

Көріп отырғанымыздай өлім мен ритуал бір-бірімен байланысты тақырып. Өлім, өлімнен қорқу сынды мәселелерден туындаған ритуалдар да баршылық. Қазақ пен Түрік мәдениетінің шығу тегі бір болғанымен географиялық аймақтарының өзгеруіне байланысты және оған әсер етуші көрші мемлекеттерінің әсері етуі сынды өзгерістер немесе қазақ халқының қаншама жыл бодандықта қалуы сынды тарихи, саяси оқиғалардан кейін көптеген ритуалдар ұмытылған болатын. Кейбір ритуалдардың жасалу себептерінің ұмытылуы сияқты мәселелер бар. Қазақ және Түрік ұлтының өлімге қатысты жасалатын ритуалдары оның ішінде әйел адамның басшылығымен жасалатын ритуалдарды салыстыра талдайтын боламыз.

## Материалдар мен әдістер

Өлім ритуалдарын осы күнге дейін зерттеп келушілер аз емес. Анадолыдағы «өту кезеңдерде» (туу, үйлену, өлім) жасалатын ритуалдар жайлы мақалалар, кітаптар, диссертациялық жұмыстар жазылған. Мысалы түрік зерттеушісі Караағаш Малатъя аймағындағы «өту кезеңдері» жайлы диссертациялық жұмыс жазған. Қазақ және түрік халықтарындағы өту кезеңдеріне байланысты салыстырмалы зерттеу жұмысын профессор Х.Четин жүргізген. Түркиядағы ритуалдардағы әйелдің рөлін бейнелейтін зерттеу жұмысы туралы ауқымды зерттеу жасап жүрген профессор Мехмет Ачаның жұмыстарынан көруге болады.

Қазақстандағы «өту кезеңдеріндегі» ритуалдарды Х. Арғынбаев, А.Т. Төлеубаев, Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсаринның еңбектерінен көруге болады. Сондай ақ қазақ әйелінің қоғамдағы орны жайлы И.В. Стасевичтың «Социальный статус женщины» атты жұмысынан көруге болады.

Бұл мақалада негізінен бірнеше зерттеу әдістері қолданылған болатын. Теориялық бөлімде Қазақ және Түрік авторларының деректеріне сүйене отырып жасалған ақпараттарды талдау және синтездеу әдісі қолданылды. Сондай-ақ екі елдегі ритуалдардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау үшін салыстырмалы талдау әдісі де қолданылды. Зерттеудің сапалы шығуына әсер ететін әдістердің бірі ол әлеуметтанудағы сапалық әдіс. Қазіргі таңда көптеген ғылым салалары әлеуметтанулық әдістерге сүйене отырып зерттейді. Сол себепті бұл зерттеуде де әлеуметтанулық зерттеу әдістеріне жүгінген болатын. Нақтырақ айтатын болсақ әлеуметтанулық сұхбат әдісі қолданылды. Тақырып өлім ритуалдарындағы әйел адамның орны болғандықтан тек қана әйел кісілерден сұхбат алынып отыр. Ритуалдарды жастарға қарағанда үлкен жастағы кісілер жасайтындықтан, сұхбат 50-90 жас арасындағы қарт кісілерден алынған болатын. Аймақтық ерекшеліктеріне байланысты Алматы облысы, Жамбыл ауданында өмір сүріп жатқан қарт кісілерден алынған сұхбат материалдары қолданылды. Сұхбат 2023 жылдың маусым-тамыз айларында алынды. Зерттеуге жалпы 20 респондент қатысты. Респонденттердің сұрауы бойынша зерттеуге қатысқандардың есімдері көрсетілмеді. Есімдерінің орнына сандар қолданылды. Мысалы: «Респондент-1», «Респондент-2» т.б.

### Талқылау мен нәтижелер

Адам өміріндегі маңызды үш өту кезеңдерінің соңғысы өлім. Бұл әлемді ата-бабаларымыз уақытша деп есептеген және өлімнен кейін өмір бар екендігіне сенген. Бұған сонау тас дәуіріне тиесілі қорғандарда жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесі дәлел. Адамды көмгенде жанына тіпті атын, қызметкерлерін, қымбат бұйымдары мен тұрмыс тіршілігіне қажет заттарды бірге көмген.

Қазақ айтады: «тумақ бар, өлмек бар». Барлық қоғамға ортақ бір мәселе, ол өлген адамның рухын құрметтеу және және соған лайық қып шығарып салу (Ибраев, 2021: 236). Ислам дінінде де адам өлген соң жаны жұмаққа немесе тозаққа барады деп айтады. Қазақ халқы мен Түрік ұлтының көптеген ырымдары ұқсас келеді. Әрине оның бірнеше себептері бар. Қазақ халқы да, түрік халқы да мұсылман халықтар болғандықтан, дәстүрімізде көнеден келе жатқан діни ритуалдардан бөлек, ислам дінімен бірге келген ритуалдар да бар. Қазіргі таңда ертеден келе жатқан түркі халықтарының ритуалдарын, исламмен байланыстырып жіберген сәттер де жетерлік.

Ең алдымен, өлім өту кезеңін – өлім алды, өлім сәті және өлімнен кейін деп үшке бөлеміз. Себебі жалпы өлімнің екі түрін айтуға болады, біріншісі аяқ астынан болған өлім, екіншісі өлімді күтіп барып қайту. Мысалы науқас адам немесе қарт кісі қайтатынын біліп жүреді және оған дайындалады. Сонымен қатар өлімді шақыратын, не өлім жақындағанын білдіретін белгілері де бар. Ондай ырым қазақтарда да түріктерде де бар. Мысалы иттің ұлуы. Қазақтар ит ұлыса жаман хабар келеді деп сенген, және итке тас лақтырып, тіпті атып тастауға дейін баратын адамдар бар. Түріктерде де ит ұлыса жаман хабар деп сенеді, ит ұлыса оған пияз немесе тас лақтырып, қуады (Büyükokutan, 2012: 428). Түрік халықтарында наным-сенімдер мен табулар көп және әлі күнге дейін кең қолданыста. Өлім шақыратын белгілерді тізіп жазатын болсақ:

- *Айнаның өзінен өзі сынып қалу (жамандықтың белгісі);*
  - *Бесіктің бос тербелуі (қазақтар да бос бесікті тербетпе дейді);*
  - *Біреуді сыпырғышпен ұрғанда сыпырғыштың шыбығы сынса, сол адамның өмірі қысқа болады деп ырымдайды (қазақтарда да сыпырғышты жоғары көтеруге, адамды ұруға болмайды);*
  - *Нанды теріс төңкеруге болмайды (жамандықты шақыру);*
  - *Иттің үйге қарап ұзақ ұлуы (өлімнің белгісі);*
  - *Жұлдыз ақса біреу өледі деп сенеді;*
  - *Түсінде тісітері түсіп қалса, тісін жұлдырса өлімге жориды;*
  - *Түсінде өлген кісіні көріп, онымен сөйлесе немесе бірге сапарға шықса өлімге жориды;*
- (Караагач, 2013).

Өлім ритуалдарындағы ер мен әйелдің рөліне келетін болсақ, ер мен әйелдің рөлі екі түрлі. Ең алдымен қарт кісінің өлімге дайындығы. Қазақтарда қарт әжелер сандығының ішін жаңа киімдермен, маталармен, орамалдар мен шапандарға толтыра бастайды. Тіпті кебінге шейін дайындап, салып қояды. Ер кісілерде бұл дәстүр аса қатты байқалмайды. Бұл баяғыдан қалыптасып келе жатқан дәстүр. Әйел кісі қайтқанда, алдымен оның сандығын ашып, жиған дүниесін қарайды. Жоқ болса, немесе жетпегенін бала-шағасы алып, дайындайды.

Кісі қайтқанда жасалатын ритуалдардың өз орны бар, және оның реті әрдайым сақталады. Ең алдымен ер кісілер атқа мініп, ауылды аралап, естірту айтатын болған. «Естірту – қайтыс болған адамның туған-туыстарына қазаны арнайы хабарлау үшін айтылатын ғұрыптық фольклордың түрі» (Ибраев, 2021: 237). Қазіргі таңда технологияның дамуымен байланысты, естіртуді телефон арқылы, әлеуметтік желі арқылы хабарлайды. Тек ауылдық жерлерде ғана ауыл ішін аралап хабар беретіндер әлі де бар. Қазаны естіген халық, өлік шыққан үйге *көңіл айтуға* келеді. Ер кісі қайтса, әйелі, қыздары, басқа да әйел туыстары отырып жылап, **жоқтау** айтады. Н. Зеландтың очеркіне сүйенетін болсақ, қазақтарда ері қайтқан әйел айғайлап, бетін кеудесін тырналап жылайтын болған (Зеланд, 1885: 32). Бүйірін таянып, шашын жайып, бетін тырнақпен жұлып жоқтау ең жақын әйел туыстың міндеті саналған (Ибраев, 2021: 242). Алайда шарифат бойынша олай жасау дұрыс емес болғандықтан, қазіргі таңда мұндай ғұрып қолданыстан шығып қалған. Әйелдің бетін тырнап, шашын жайып жылауын құп көрмеген. Айғайлап жылауды да дұрыс көрмеген. Ондай кезде сабырға шақырып, аруаққа ауыр тиеді деп ескертіп отырған (Жакибаева, 2022: 48). Алайда бұл әйел адамның мүлде жылап, қайғырмайды дегені емес. Ер адам қайтқанда әйелдің бірінші рөлі, ол жоқтау айтып жылау. Жоқтау қазақ мәдениетінде адам қайтыс болғанда әйелдер тарапынан жасалатын маңызды ритуалдардың бірі.

Жоқтау мәселесі бойынша әлеуметтанулық зерттеу, сұхбаттасу арқылы алынған ақапараттарымызға сүйене отырып Респондент-1-дің жауабын төменде беріп отырмыз.

Респондент – 1: «*Әйелдер іште жоқтау айтып отырады, сыртқа шықпайды, қорған (Зират, мола) басына да бармайды*». Бірақ жоқтау айтатында азайып бара жатыр. Көбіне қарт кісілер айтады. Әйелдер білмейді».

Респондент – 2: «*Жоқтауды әйелдер айтады. Жоқтау айтудың өз тәртібі мен талаптары болады. Жоқтау айту тек дауыс шығарып айғайлап жылау емес. Жоқтауда қайтқан адамның жақсылығын айтып, жоқтап жылау керек. Қазір де бар жоқтау айтып жылап отыратындар. Бірақ аз, бұрынғыдай емес. Жоқтау айтушылар азайып барады*».

Сұхбат берушілердің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, әйел адамның қайтыс болған үйде өз тәртібімен атқаратын ритуалдары бар. Қазіргі таңда жоқтау айту азайып бара жатқандығын да респонденттеріміз айтып қалды. Көбіне жоқтауды қазір үлкен кісілер ғана айтады. Ол кісілер жастарға үйретіп кетпесе жоқтау айту дәстүрінің жоғалып кетуі мүмкін екенін де жоққа шығармаймыз.

Жылаудың да өз тәртібі айтылатын сөздері бар. Келесі Респондент – 3, сексеннен асқан әже, есінде қалған жоқтаумен бөлісті:

*Есіктің алды күркедай  
Күркеден атым үркедай (кеткен адамды айтып)  
Қара жермен бетін бүркеді ай  
Есіктің алды майырдай  
Майырдан қойым қайырды ай  
Айнанайын иманды адамым  
Қара жерменен бетін бүркеді ай  
Есіктің алды майырдай  
Майырдан қойым қайырды ай  
Иманды болып адамым  
Алла сізден айырды ай  
Есіктің алды бәйтерек  
Бәйтерекке су керек  
Сенен айрылған күн не керек (Респонденттің жауабынан).*

Көріп отырғанымыздай жоқтаудың ұйқаспен айтылатын өз сөздері бар. Ол сөздердің өзінде бір мағына бар. Жоқтау арқылы ішіндегі қайғысын, ренішін шығарады. Оны жоғарыда айтылған «Есіктің алды бәйтерек, Бәйтерекке су керек, Сенен айрылған күн не керек» деп бәйтерекке су керектігі сияқты жақынның да су сияқты керек екенін осы жоқтауда жеткізіп отыр. Сондай-ақ айырлаған адамды қазақта «иманды болды» деп те айтады. Оны жоқтаудағы «Иманды болып адамым, Алла сізден айырды-ай» деген өлең жолдарынан білуге болады.

Түріктерде жоқтауға *ağıt (аыт)* дейді, жоқтау айтуды *ağıt yarma (аыт йарма)* деп айтады. Түркітанушы профессор Мехмет Ачаний айтуынша бұл рәсім қазіргі таңда өте аз кездеседі. Түріктерде де жоқтауды әйелдер айтады. Түріктерде де жоқтау айту ритуалының жоғалып бара жатқандығын көруге болады. Қазақтарға қарағанда жоқтау айту жоғалды деп айтуға болады. Тек кейбір аймақтарда ғана жасалатын ритуалдар ретінде қалды (Аса, 2019: 429). Түрік халықтарында *аытты* (яғни жоқтауды) тек кісі қайтқанда ғана емес, қыз бергенде де айтады. Бұл дәстүр қазақ халқында да бар, алайда оған *сыңсу* деп айтады. Екі ритуалға бірдей ат қоюдың да жөні бар, себебі бұл екі ритуал ұқсас, біреуінде кісіні о дүниеге кеткеніне күйінсе, екіншісінде қыздары басқа отбасыға кетіп, бір бірлерінен айрылғандығы үшін жоқтап жылайды.

Бұрынғы кезде қайтқан кісіге арнап бөлек киіз үй тігіп, сол жерге жатқызып қоятын немесе өлікті киіз үйдің оң жағына қойып, шымалдықпен жауып қояды. Киіз үйдің оң жағы қонаққа арналған, үйге кісі келсе киіз үйдің оң жағына жататын болған. Қайтқан кісі неше түн жатқанын білгілері келсе, «неше түн қонақ болды?» деп сұрайды екен. Бұл жерде негізі терең мән жатыр, қайтқан кісі бұдан былай о дүниелік деп есептеледі, яғни ол бұл дүниеден кетті, енді ол жер қойнауына енгенше, қонақ статусында. Тіпті қазақта «Бәріміз бұл өмірде қонақпыз» деген сөзде осы дәстүрден шықса керек. Өлім бұл бақилық болған адам үшін өтпелі кезең. Екі әлемнің бір бірімен байланысқан сәті. Қайтқан адам қиналмай жеңіл кетсін деп, артынан қалған жақындарына басындағы бағын тастап кетсін деп, өзімен бірге артынан ешкімді алып кетпесін деп әйелдер тарапынан ритуалдар орындалады.

Қайтқан адамды ислам бойынша тезірек жерлеуге тырысады. Араб және Африкадағы мұсылмандар дәл сол қайтқан күні жерлейді. Әрине бұл олардың географиялық ыстық аймақта болуымен байланысты. Орта Азияда бұл дәстүр өзгешелеу. Әсіресе суық аймақтарда қайтқан адамды алыстан келетін туыстары келіп, жақынымен қоштассын деп екі-үш күнге дейін жерлемей күтеді (Стасевич, 2011: 147).

Қазақтарда келген қонақтарға *қонақ асы* беріледі, қонақ асына арнап қой сояды. Қазақстанның Торғай аймақтарында бұл қонақ асыны «Шілдеханасы» деп атайды. Бала дүниеге келгенде де шілдехана жасайды. Сол сияқты адам қайтқанда да шілдехана асы беріледі. Өлім де келесі өмірге өту түсінігі болғандықтан осындай іс-шаралар болса керек. Әрине Қазақстанның әр аймақтарында кішігірім айырмашылықтар болуы мүмкін. Мысалы алыстан келетін кісілер көп болса, Алматы аймағында қонақ асын ауылдағы кісілер береді. Өлімге келген кісілер көңіл айтып, батасын жасаған соң қонақ асына басқа үйге кетеді. Бұл әдеттің қалыптасуының бір себебі, өлік шыққан үйде ас пісірілмейтін ырым да болған. Сол себепті асты көршілері, ауылдағы басқа үйлерде жасайтын болған. Түріктерде бұл рәсім әлі ұстанылуда. Өлік шыққан үйде үш күнге дейін қазандарды төңкеріп қояды да, тағамды көршілері пісіріп әкелетін болған. Қазақтардың қазанды жуған соң төңкеруге болмайды, жаман ырым деуінің астарында осы болуы ықтимал. Қазіргі таңда кафелер дамығандықтан, түрік халықтары пиде пісіретін кафелерге пидеге тапсырыс беріп, келген кісілерге таратады, сонымен қоса кісі қайтқанда міндетті түрде халва жасап таратады.

Жоқтаудан кейінгі тағы бір ритуалдардың бірі ол «мейрам суы». Қайтқан кісіге алдымен мейрам суы беріледі.

Респондент – 2: «Мейрам суын береді, мейрам суы деген таза сумен жуындыру, сүртіндірмейді. Жерге ақ төсеп, бетін құбылыға қаратып, жастық та ештеме жастамайды, үстінен тағы бір ақ шүберекпен жауып қояды....».

Респондент-2-нің сөзінен көріп отырғанымыздай, ең алдымен қайтқан адамды таза сумен бір сүртіп жатқызып қояды. Сол суға *мейрам суы* дейді.

Ислам дінінің негізі мақсаты, осы дүниеде де, ақыретте де адамның бақытты болуы. (Тоқтарбекова және басқалар, 2022: 168) Халықтың діни сенімінде күнә деген нәрсе бар, күнәң көп болса ақыретте қиналасың деп сенеді, сол себепті қайтқан кісінің жасап қойған күнәсін, Алладан жақындары күнәсін кешсін деп, шарият бойынша дұға қылады. Алайда дұға оқудан бөлек, **жыртыс жырту**, әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан ритуал. Қайтқан кісінің бас жағына тұрып, әйелдер матаны қолмен жыртады, матаны жыртып сайын, бақилықтың күнәсі жыртылып жатыр деп сенеді. Жыртылған маталарды келген кісілерге таратады. Жыртысты тек үлкен кісілерде ғана жыртады, осы кісінің жасын берсін деп ырымдап таратады. Жыртыс үшін қазіргі таңда көбіне плюш мата алады. Қашқаридың еңбегіне сүйенсек, *бычыш* деген сөз кездеседі, ол сөздің мағынасын *үлкен кісінің өліміне барған кісілерге таратылатын жібек матаның бөлігі* (Қағарлы Маһмұд, 2014: 585). Көріп тұрғанымыздай, бұл өте ертеден келе жатқан рәсім.

– Жыртысты не үшін жыртады?

Респондент-3: «*Үлкен адамдарға жыртыс жыртады, соны дайындайды. Жыртысты күнәсі жыртылсын деп жыртады. Өліктің басына барып, құлағына естіртіп тұрып жыртады.*

– Ол үшін қандай мата қолданады?

*Қазір плюш мата, баяғыда плюш жоқ, атлас жыртып, ал бала кезімде есімде, болатнай деп қоятын, сондай мата жыртып тарататын. Астары деп бір кішкентай беторамал беретін. Қазір енді молдаралар жыртыс жыртып деп жатады, бірақ халық бәрібір жыртып жатыр ғой...».*

Жыртыс жыртып, тарату бізде әлі күнге дейін сақталған болса, түріктерде керісінше қолданыстан шығып қалған. Жыртыс жыртуды түріктер *fistan yırtma, bağır yırtma* (фистан йыртма, баыр йыртма) деп атайды, және қайтқан кісінің жанында отырып киімнің жағасы мен бауыр жағы жыртылады, жыртып сәтте жылаған дыбыстар шығарады. (Аса, 2019: 428) Түріктерде бұл ритуал қолданыстан түсіп қалған. Түріктерде де қазақтарға ұқсас ритуалдар болған. Әрине Осман империясы болған кезде исламға дейінгі көптеген дәстүрлері ақырын азайып кеткен болатын. Сол сияқты Қазақтар да Ресей бодандығында болған кезде қаншама дәстүрлері, әсіресе осы діни ритуалдары ұмытылған болатын.

Респондент-4: «*Үйдің үлкен кісісі қайтып жатса, үйдегі келіні немесе қызы барып, ақ шүберекке қант, құрт, кәмпит сияқты жейтін заттарды орап, өлген кісінің бас жағына тұрып «жатқан жерің жайлы болсын, иманды бол. Сен осы ырысыңның бәрін көрге алып кетпе, артыңдағы бала-шағаларыңа тастап кет, олар жұтап қалмасын, байлығыңды, ырысыңды тастап кет» деп, басынан үш айналдырып, немерелерге бөліп таратып береді. Өзімнің енеме де жасадым, шешеме де жасадым. Үйдегі бақ пен ырыс бір адамда болады екен. Өлген адамда болса, өлгенде сол үйдің бағын алып кетеді екен. Соны алып кетпеуі үшін, осындай ритуал орындау керек...».*

Респондент-5-тің сөзінен көріп отырғанымыздай, қазақтар адамның басындағы бақ, ырыс, берекеге сенеді. Олар болмаса, отбасында ешқандай береке, байлық болмайды. Информанттың айтып отырғаны – құт. Құт ежелден түркі халқымен келе жатқан рухани код. Қазақ үшін құт деген ең маңызды нәрсе, құт мынадай концептілерде кездеседі: құтты болсын айту, құт-береке, құтты қонақ, құт келеді (Жанабаев, Тұрсынбаев, 2021). Құт сөзі түріктерде де сақталған, алайда қазақтардағы сияқты кең сақталмаған. Тек *kutlu olsun* (құтты болсын) және *kutsal* (құтты, киелі) сөзінде кездеседі, этимологиясын барлығы біле бермейді. Бұл сөздің өзін қазіргі таңда арап тілінен енген *тебрик* сөзі басуда, *kutlu olsun* (құтлу олсун) орнына *tebrik ederim* (тебрик едерим) деп құттықтау кеңінен тарауда.

Қайтқан кісі әйел болса, жуыңдыруға әйел кісілер кіреді. Әйел адам қайтқанда, қазақтарда да, түріктерде де күйеуі сүйекке кірмейді. Түріктер мұны өліммен бірге некесінің бұзылуымен түсіндіреді.

Егер қайтқан кісінің денесі немесе мойны қатпаса мұны жаманға жориды.

Респондент-4: «*Атам қайтқанда да, енем қайтқанда да, үйде денесін жатқызған жерге шеге қақтық, артынан ешкім кетпесін деп».*

Респондент-2: «Өзімнің шешем қайтқанда мойны қатпай қойды, былқ былқ етіп. Жерлеген соң артынан ауылдан қатар қатар 7 кісі қайтты, сосын ырымдап, бейіттің қақпасына барып, ауылдағы кісілер құлып салды. Содан соң тоқтады».

Түрік халқында да бақилық болған адам өзімен бірге ешкімді алып кетпесін деп әр түрлі рәсімдер орындайды. Мысалы сондай рәсімдердің бірі Түркияда қайтқан кісінің денесін алып кеткен соң, жатқан жеріне тас қойылады. (Karagöz, 2006). Өлінің жатқан жеріне үлкен тас қояды, ол тасты *сабыр тасы* деп атайды. Сонымен қатар шеге де қағып қояды (Büyükokutan, 2012: 439). Шеге қағу дәстүрі Алматы аймағының кейбір ауылдарында аз болса да әлі күнге дейін жасалып келе жатқан дәстүрлердің бірі. Осы сынды екі ұлт арасында ұқсастықтар кездесіп жатады. Әрине Қазақстандағы кейбір аймақтардағы дәстүрдің айырмашылықтары болатыны сияқты Түркияда да аймақтарына байланысты айырмашылықтар кездеседі. Мысалы Түркияның Малатьядағы халық дәстүрінде өлік жатқан тақтаның астына тас лақтырады. Егер жуындырған кезде өлінің денесі толық суымаған болса, артынан тағы өлік шығады деп қорқып, үстінен оқтау сындырады. Сондай-ақ ит ұлыса да жаманға жорып, аяқ киімді теріс төңкеріп қояды. Көр қазған күректі көшеде үш түн қалдырады. Сүйекті жуындыруға қолданған заттарды үш түнге далада қалдырады. Денесі қойылған соң, қара тауық сояды (Karaağaç, 2011).

Осыған ұқсас ритуалдардың қазақ қоғамында да болғандығы туралы Ш.Уалихановтың еңбектерінен көруге болады. Қайтқан кісіні бөлек жатқызып қою, рәсім үшін пайдаланған заттарды дереу пайдаланбаудың артында бір үрей бар, о дүниемен байланыспау, өліктің артынан кетіп қалу қорқынышы жатыр. Сонымен қатар жоралғылар дұрыс жасалса, аруақ риза болып, ұрпақтарын желеп жебеп жүреді, дұрыс болмаса қарғап-сілейді деп қорыққан (Уалиханов, 1985: 174).

Қазақ халықтарында да, түрік халықтарында да қайтқан кісіні түнде күзетеді. Қазақтарда балалары бар болса балалары шырақ жағып, түнімен жанында күзетеді. Түрік халықтарында өлік түнеген жағдайда, үйдің барлық жарығын жағып қояды да, жақындары жанында күзетеді. Сонымен қатар мәйіт жатқан бөлмеге су қойып қояды, егер де өлген кісі өлерінде шөлдеп, қиналып өлген болса, келіп сол судан ішеді деп сенеді.

Қазақтарда мәйітті көмуге тек ер кісілер барады, мәйітті көмуге алып бара жатқанда үй ішіндегі әйелдер жағы есіктен басын шығарып, босағада тұрып жабыла дауыс айтады. Мұны сүйекпен қоштасу деп айтады. Түрік халықтарының дәстүрінде де мәйітті көмуге тек ерлер барады, әйелдер үйде қалып, қайтқан кісіні жоқтап отырады.

Қайтқан кісіні көмгеннен кейін міндетті түрде жетілігін, қырқын, жылын береді. Түрік халықтарында одан бөлек үші және елу екісі деген еске алу күндері бар. Олардың сенімінде өлген кісінің жаны елу екінші күні тыныштық табады. Сол себепті елу екінші күні құран оқытады. Жетілігіне, қырқына, жылына келген кісілерге ас таратылып, өлген кісінің рухына бағыштап құран оқылады.

## Қорытынды

Көбіне қазақ қоғамында ерлердің қызметтерінің басым болған байқалғанымен, дәстүр мен әдет-ғұрыптағы жасалатын ритуалдарда әйел затының атқаратын қызметі өте жоғары. Осы дәстүрдің ене мен келіннің байланысы арқылы ары қарай жоғалмай келесі ұрпаққа берілуінде де үлкен еңбек пен мән жатыр. Қазақ дәстүрінің, ритуалдары оның ішінде өлім кезінде жасалатын ритуалдардың жоғалмауын қамтамасыз ету үшін ене мен келін институтын сақтап қалу маңызды.

Жалпы қазақ халқы мен түрік халқының түбі бір екенін осы өлім кезінде жасалатын ритуалдардағы ұқсастықтар арқылы да көруге болады. Әрине қазақта да түрікте де кейбір айырмашылықтар кездеседі. Ол туралы жоғарыда ата өттік. Дегенмен де тек өлім кезінде жасалатын бірнеше ұқсастықтарды көргеніміздей, одан бөлек туу, үйлену сынды дәстүрлерде де көптеген ұқсастықтар кездесетіні анық. Тек негізгі мәселе екі халықта да қазіргі жаһандану кезінде кейбір дәстүрлер мен ритуалдардың жоғалып бара жатқандығы өкінішті.



Қорыта айтқанда, қазақ халқының да, түрік халқының да жерлеу рәсімдеріндегі әйелдердің рөлі бұл рәсімдердің мәдени маңызының тереңде жатқанын көрсетеді. Осы екі түрлі мәдениетте әйелдер марқұмның лайықты және құрметпен қоштасуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратындығын көруге болады. Марқұмның төңірегіндегі тыңғылықты дайындықтар мен салт-жоралардан бастап, қайғылы отбасына тұрақты қолдау көрсетуге дейін әйелдер өмірінің осынау маңызды сәттерінде айнымас күш пен жанашырлық танытты. Бұл жерлеу рәсімдері қайтыс болғандарды құрметтеп қана қоймайды, сонымен қатар осы қоғамдарды байланыстыратын дәстүрлердің бай екендігін еске салады. Осы жерлеу рәсімдерінің ортақ әдет-ғұрыптары мен ерекшеліктері туралы ойлана отырып, біз мәдени құндылықтар мен әйелдердің өздерінің мұраларын сақтау мен байытуға қосқан маңызды үлесін тереңірек түсінеміз. Тарихтың, дәстүрдің және әйелдердің өшпес рухының тоғысқан жерінде бұл жерлеу рәсімдері қазақ және түрік халықтарының ұжымдық жадының айшықты айғағы болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

- Aça M., Yolcu M., Aça M., Kadın folkloru: Statü ve Famaj. – İstanbul, 2019. –386 s.
- Amy Gazin-Schwartz. "Archaeology and Folklore of Material Culture, Ritual, and Everyday life", International journal of historical Archaeology. – 2001. – Vol.5. – No.4.
- Büyükokutan A. Muğla yöresi kadın merkezli geleneksel uygulamalar ve işlevler. – Konya, 2012. – 817 s.
- Karaağaç M., Malatya'da Geçiş Dönemleri. Cumhuriyet üniversitesi, yüksek lisans tezi. – Sivas, 2013. – 287 s.
- Karagöz, Kenan. Hazreti Peygambere Yapılan Büyüler Ve Yahudilerde Büyücük. Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, İslam Tarihi Ve Sanatları Anabilim Dalı, Erzurum. – 2006. 147-б.
- Каşгарлы Маһмут. Divanu Lugati't-Türk. – Hazırlayanlar: Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. – Ankara, 2014. – 995 s.
- Yesbalayeva RZ, Sheriyeva GT. Description of the funeral ritual in Kazakh prose and ethnodeformation // Eurasian Journal of Philology: Science & Education. – 2022. – No.187(3).
- Roberson K, Smith T, Davidson W. Understanding Death Rituals. International Journal of Childbirth Education. – 2018. – No.33(3).
- Добрышев Ю.И. Монгольские ритуалы в русских летописях // Вестник. –2019. – No. 272. – С. 93.
- Жакибаева К.А. Қазақ халқының жоқтау өлеңіндегі мұң мен зар // Вестник Казахского национального женского педагогического университета. – 2022. – №.(3). – С. 46-55.
- Жанабаев З.М., Тұрсынбаева А.О. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі «құт» мәселесі // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2021. – № 76(2). – Б. 41-51.
- Зеланд Н. Киргизы. Этнологический очерк. – 1885. – Б. 78.
- Ибраев Ш. Қазақтың ғұрыптық фольклор. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 254-б.
- Кипиев М.К., Избасарова Г.Б., Аман Ә.Б. Каспий маңы қазақтарының жерлеу және аза тұту ғұрыпы: жаназаға дейін жасалатын жосын-жоралғылар // Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2022. – № 105(2). – С. 109-16.
- Стасевич И.В. Социальный статус женщины у казахов: Традиции и современность. – Санкт-Петербург 2011. – 218 с.
- Тишин В.В., Серегин Н.Н. К вопросу о существовании служителей культа у древних тюрков Центральной Азии. Этнографическое обозрение. – 2017. – № (3). – С. 76-96.
- Токтарбекова Л., Сейтахметова Н., Бидахметова Ш. Христиан және ислам мәдениеттеріндегі дәстүр: салыстырмалы талдау. – 2022. – № 78(2). – Б. 167-83.
- Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (19- начало 20 век). – Алма-Ата: Ғылым 1991. – 215-б.
- Уалиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 556-б.
- Уалиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы, бірінші том. – Алматы, 2010. – 182 б.

**Инкар Б. Ахметова, Каскырбек К. Калиев**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

**Роль женщины в ритуалах захоронения у казахского и турецкого народов**

**Аннотация.** Эта статья представляет собой сравнительное путешествие в отличительные посмертные обряды и ритуалы, наблюдаемые в казахском и турецком культурном ландшафте. Освещая замечательные параллели и расхождения, которые характеризуют эти два общества, книга дает уникальное представление о том, как смерть понимается, празднуется и оплакивается.

В статье исследуются культурные, исторические и религиозные влияния, которые сформировали ритуалы смерти как казахской, так и турецкой общины. Он углубляется в символические элементы, погребальные церемонии, погребальные практики и поминальные традиции, которые определяют подходы этих культур к смерти и загробной жизни.

Кроме того, это исследование изучает эволюцию обрядов смерти в этих обществах, изучая, как такие факторы, как модернизация, глобализация и изменение религиозных убеждений, повлияли на эти вековые практики. Оно также учитывает роль пола, семейных структур и участия сообщества в этих ритуалах.

Сравнивая эти две культуры, статья призвана пролить свет на уникальные способы, с помощью которых казахская и турецкая общины сохранили свою культурную идентичность, адаптируясь к вызовам современного мира. Взаимодействие традиций и инноваций в рамках этих посмертных обрядов подчеркивает устойчивость и адаптируемость этого богатого культурного наследия.

В конечном счете эта статья не только предлагает межкультурное понимание обрядов и ритуалов смерти, но также дает представление о непреходящем значении этих практик в поддержании социальной структуры и духовного благополучия казахских и турецких общин. Она подчеркивает важность сохранения культуры в глобализованном мире и прочную связь между людьми и их традициями, даже перед лицом меняющихся времен.

**Ключевые слова:** посмертные ритуалы; религиозные ритуалы; казахи; турки; траур; роль женщины; обряды; суеверия.

**Inkar B. Akhmetova, Kaskyrbek K. Kaliyev**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

**The role of women in Kazakh and Turkish death rituals**

**Abstract.** This article embarks on a comparative journey into the distinctive death rites and rituals observed within the Kazakh and Turkish cultural landscapes. By illuminating the remarkable parallels and divergences that characterize these two societies, it provides a unique insight into the profound ways in which death is understood, celebrated, and mourned.

The article investigates cultural, historical, and religious influences that have shaped the death rituals of both Kazakh and Turkish communities. It delves into the symbolic elements, funeral ceremonies, burial practices, and commemorative traditions that define these cultures' approaches to death and the afterlife.

Furthermore, this study examines the evolution of death rites in these societies, exploring how factors such as modernization, globalization, and shifting religious beliefs have influenced these age-old practices. It also considers the roles of gender, family structures, and community involvement in these rituals.

By comparing these two cultures, the article aims to shed light on the unique ways in which the Kazakh and Turkish communities have preserved their cultural identities while adapting to the challenges of the contemporary world. The interplay between tradition and innovation within these death rites underscores the resilience and adaptability of these rich cultural heritages.

Ultimately, this article not only offers a cross-cultural understanding of death rites and rituals but also provides a glimpse into the enduring significance of these practices in maintaining the social fabric and spiritual well-being of Kazakh and Turkish communities. It highlights the importance of cultural preservation in a globalized world and the enduring connection between people and their traditions, even in the face of changing times.

**Keywords:** death rituals; religious rituals; Kazakh people; Turkish people; mourning; woman's role; rituals; superstitions.

## References

- Aça M., Yolcu M., Aça M., Kadın folkloru: Statü ve Famaj [Women's folklore: Status and Fame]. (İstanbul, 2019, 386 p.), [in Turkish].
- Amy Gazin-Schwartz. "Archaeology and Folklore of Material Culture, Ritual, and Everyday life", International journal of Historical Archaeology, 2001. Vol.5. No.4.
- Büyükokutan A. Muğla yöresi kadın merkezli geleneksel uygulamalar ve işlevler [Muğla region women-centered traditional practices and functions]. (Konya, 2012, 817 p.), [in Turkish].
- Karaağaç M., Malatya'da Geçiş Dönemleri. Cumhuriyet üniversitesi, yüksek lisans tezi [Transition Periods in Malatya. Cumhuriyet university, master's thesis]. (Sivas, 2013, 287 p.), [in Turkish].
- Karagöz, Kenan. Hazreti Peygambere Yapılan Büyüler Ve Yahudilerde Büyücük. -Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, İslam Tarihi Ve Sanatları Anabilim Dalı [The Magic of the Prophet And The Magic of the Jews. -Unpublished Master's Thesis, Ataturk University Institute of Social Sciences, Department of Islamic History And Arts]. Erzurum. 2006, [in Turkish]. 147-p.
- Kaşgarlı Mahmut. Divanu Lugati't-Türk. Hazırlayanlar. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. [Divanu Lugati't-Turk. Prepared by. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z.].(Ankara, 2014, TDK, 995 p.), [in Turkish].
- Yesbalayeva R.Z., Sheriyeva G.T. Description of the funeral ritual in Kazakh prose and ethnodeformation. Eurasian Journal of Philology: Science & Education. 2022. No.187(3).
- Roberson K., Smith T., Davidson W. Understanding Death Rituals. International Journal of Childbirth Education. 2018. No.33(3).
- Dobryshev Yu.I. "Mongolskiye Ritualy v Russkikh Letopisyah" Vestnik [Mongolian rituals in Russian chronicles. Bulletin], 2019. No. 272. P. 93.
- Jakibaeva KA. Qazaq halqynyñ joqtau öleñindegi mün men zar. Vestnik Kazahskogo nasionälnoğo jenskogo pedagogicheskogo universiteta [Sadness and sadness in the Kazakh folk song of mourning. Bulletin of the Kazakh National Women's Pedagogical University]. 2022. No (3). P. 46-55, [in Kazakh].
- Janabaev Z.M., Türsynbaeva A.O. Dästürlı qazaq mädenietindegi «qüt» mäselesı. Vestnik KazNU. Seria filosofii, külturologii i politologii [The problem of "Kut" in traditional Kazakh culture. Vestnik kaznu. Philosophy, culture and politics]. 2021. No.76(2). P. 41-51, [in Kazakh].
- Zeland N. Kirgizy. Etnologicheskı ocherk [Kyrgyz. Ethnological essay]. 1885. P. 78, [in Russian].
- İbraev Ş. Qazaqtyñ ğüryptyq fölklor [Kazakh folk]. (Nür-Sültan, L.N. Gumilev atyndağy EÜU, 2021, 254 p.), [in Kazakh].
- Kipiev M.K., İzbasarova G.B., Aman Ä.B. Kaspi mañy qazaqtarynyñ jerleu jäne aza tütu ğürpy: janazağa deim jasalatyn josyn-joralğylyar. Vestnik KazNU. Seria istoricheskaiia [Funeral and mourning rituals of the Kazakhs of the Caspian region: rituals performed before the funeral. Vestnik kaznu. Historical series]. 2022. No.105(2). P109-16, [in Kazakh].
- Stasevich İ.V., Sosiälnyi status jenşiny u kazahov: Tradisii i sovremenöst [Social status of women among Kazakhs: Traditions and modernity]. (Sankt-Peterburg, 2011, 218 p.), [in Russian].
- Tişin V.V., Seregin N.N. K voprosu o suşestvovanii slujitelei kültı u drevnih türkuv Sentralnoi Azii. Etnograficheskoe obozrenie [On the question of the existence of cult ministers among the ancient Turks of Central Asia. Ethnographic Review], 2017. No. (3). P. 76-96, [in Russian].
- Toktarbekova L., Seitahmetova N., Bidahmetova Ş. Hristian jäne islam mädenietterindegi дәstür: salıstırmaly taldau. Äl-Farabi [Tradition in Christian and Islamic cultures: a comparative analysis]. 2022. No.78(2). P.167-83, [in Kazakh].
- Toleubaev A.T. Relikty doislamskih verovanii v semeinoi obrädnosti kazahov (19- nachalo 20 vek) [Relics of pre-Islamic beliefs in Kazakh family rituals (19th- early 20th century).]. (Alma-Ata, Ğylym, 1991), [in Russian]. – 256 p.
- Ualihanov Ş. Tañdamaly [Selected works]. (Almaty, Jazuşy, 1985), [in Kazakh]. 556-p.
- Ualihanov Ş. Köp tomdyq şyğarmalar jınağy, birinşı tom [Collection of multi-volume works, the first volume]. (Almaty, 2010, 182 p.), [in Kazakh].

**Авторлар туралы мәлімет / Information about authors / Информация об авторах:**

*Ахметова Инкар Берикбаевна* – Түркітану кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

*Калиев Каскырбек Кикбаевич* – Ph.D., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Дінтану кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

*Inkar Akhmetova* – Ph.D. student of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Kaskyrbek Kaliyev* – Ph.D., Senior Lecturer, Department of Religious Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Инкар Ахметова* – докторант кафедры тюркологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

*Каскырбек Калиев* – Ph.D., старший преподаватель кафедры религиоведения, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.



**Copyright:** © 2023 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).